

Түркістан облысы
Отырар ауданы
Аққұм ауыл округі
«Балғын» бөбекжай-бақша МКҚК



Өндірістік кеңестің хаттамалары

Аққұм ауылы 2024 ж

Өндіріс жиналыстары.

№	Жұмыс түрлері	Уақыты	Жиналыстар
I.	1. Жазғы жұмыстардың қорытындысы. 2. 2023-2024 оқу жылын бекіту. 3. Жұмыс уақытындағы инструктаж .	тамыз.	Меңгеруші, әдіскер, мед.бике, шаруашылық меңгерушісі
II	1. Балаларды сақтандыру (жаңа жыл шыршасы). 2. 1-жартыжылдықтағы балалардың денсаулықтары. 3. Балалардың тамақтануы.	желтоқсан.	Меңгеруші, әдіскер, мед.бике, шаруашылық меңгерушісі
III.	1. Топтардағы санитарлық – эпидемиологиялық орындалысы 2. Балабақшаның материалды-техникалық жабдықталу қорытындысы 3. Қызметкерлердің кезекті еңбек демалысының кестесін бекіту	Ақпан	Меңгеруші, әдіскер, мед.бике шаруашылық меңгерушісі
IV.	1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы 2. 2024 жыл жазғы сауықтыру шаралары 3. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, мед.бике, шаруашылық меңгерушісі

«Балғын» бөбекжай-бақша МКҚК

№1 хаттама

«Балғын» бөбекжай-бақшасының өндірістік жиналысы 29 тамыз 2023 жыл
Қатысушылар: 22

Меңгеруші -1

Әдіскер-1

Тәрбиешілер-5

Медбике-1

Тәрбиешінің көмекшісі -2

Кіші қызметкерлер -10

Күн тәртібінде:

1. «Жазғы сауықтыру шараларының қорытындылары»,
2. 2023-2024оқу жылын бекіту,
3. Жұмыс уақытындағы инструктаж

Күн тәртібіндегі бірінші қаралған мәселе;

Жазғы сауықтыру шараларының есебі «Ақжелкен» және «Құлыншақ» топтарының тәрбиешілері жазғы сауықтыру шараларының өткізілу барысы жайлы есеп берді.

Бірінші: Тәрбиеші К.Күлмираш: Біз ең алдымен ата-аналармен балаларды жазғы уақыттағы қауіпсіздік шараларымен таныстырдық. 1- маусым балалар күнінде қуыршақ театрының қатысуымен ойын-сауықтық бағдарлама өткіздік. «Өрқашан күн сөнбесін » тақырыбында асфальтта сурет салу сайысын өткіздік.

Екінші тәрбиеші Н.Дәрібек есебі: «Астана – әсем қала» суреттер сайысы, «Күн, су, таза ауа – достырымыз жан дауа» тақырыбында ойын сауық шараларын өткіздік. Су мерекесін өткіздік;

Екінші мәселе: Балабақша әдіскері К.Казиева қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа жылдық жоспарды талқылауды ұсынды. Жаңа оқу жылында өткізілетін іс шаралар кестесін, педагогтардың оқу кестесін бекітті. Аудандық білім бөлімінің бұйрықтарымен қаулыларына сәйкес балалардың білім алуына басты назар аударып, балабақшаны сол шараларға тиісті деңгейде жабдықтауды ұсынды. Жаңа оқу жылына қажетті оқулықтар мен ойыншықтардың, кеңсе құралдарының есебін берді.

Үшінші мәселе Балабақша меңгерушісі қызметкерлерді жұмыс уақытындағы ережелермен таныстырды. 2023-2024 оқу жылына арналған еңбекті қорғау және жақсарту шараларының техникалық - ұйымдастырушылық жоспары

- лауазымдық нұсқаулықтарда барлық қызметкерлердің еңбекті қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттерін анықтау;

– еңбекті қорғауды басқару жүйесін жасау;

– еңбекті қорғау қызметі туралы ережені бекіту;

– оқыту мен нұсқамаларды ұйымдастыру;

– зиянды және қауіпті факторларды бақылауды ұйымдастыру

Әр қызметкерге өзінің қызметіне сәйкес лауазымдық нұсқаулықтарын түсіндірді.

**2023 жылы Тамыз айындағы өткізілген өндірістік
жиналыстың шешімі:**

1. Жаңа оқу жылының жоспарын орындау;
2. Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібін орындауын қадағалау;
4. Өзгерістер енгізілген заңнамамен толық танысып, сол бағытта жұмыс істеу;

менгеруші:  Т.Жақыпбекова

хатшы:  К.Казиева



«Балғын» бөбекжай-бақша МКҚК

№2 хаттама

«Балғын» бөбекжай-бақша өндірістік жиналысы 20 желтоқсан 2023 жыл

Қатысушылар:22

Меңгеруші -1

Әдіскер-1

Тәрбиешілер-5

Кіші қызметкерлер

Медбике-1

Тәрбиешінің көмекшісі -2

Шарушылық меңгерушісі - 1

Күн тәртібінде:

1. Балаларды сақтандыру (жаңа жыл шыршасы).
2. 1-жартыжылдықтағы балалардың денсаулықтары.
3. Балалардың тамақтануы.

Күн тәртібіндегі бірінші қаралған мәселе Жаңа жылдық ертеңгілікте балалардың қауіпсіздігі туралы. Меңгеруші Т.Жақыпбекова: Жаңа жыл мерекесі жақындаған кезде жасыл шырша да өз орнын табады. Жаңа жылды өрт сияқты оқиғалармен көңілге кірбің түсірмей, жақсы өткізу үшін жаңа жылдық іс-шараларды өткізу кезінде өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау қажеттілігі туралы естеріңізге саламыз.

Шыршаны орнатқанда оның бөлмеден шығуға кедергі келтірмей орналасуын қадағалау қажет. Шыршаны жылу беру батареясының жанына орналастырған қауіпті. Иллюминацияны қосқан кезде бөлмедегі жарықты толықтай өшіруге болмайды.

Мереке аяқталған соң шыршаны үйде ұзақ ұстаудың қажеті жоқ. Кеуіп қалған қылқанның өрт қауіптілігі жоғары болады. Сонымен қатар, синтетикалық материалдардан дайындалатын жасанды шыршалардың өрт шығу қаупі бар және олар жанған кезде денсаулыққа қауіпті улы заттар бөлінеді.

Жаңа жылдың бенгал алауы мен әр түрлі мерекелік отшашуларсыз өтпейтіні белгілі. Жаңа жылды тойлау қарсаңында әр түрлі өрт шығу қаупі бар пиротехникалық құралдар қолданылады, олардың салдарынан өрттің шығуы, адамдардың жарақат алуы және мертігуі әбден мүмкін.

Мұндай заттарды сатып алғанда бірнеше қағиданы естеріңізде ұстаған жөн. Пиротехниканың барлық түрі тек далада пайдалануға арналған!

- отшашуға арналған орынды таңдап алыңыз. Мұның кең ашық алаң болғаны дұрыс – мысалы, ағаштар мен құрылысы жоқ аула, бақ немесе алаң.

- таңдап алынған жерді мұқият қарап шығу керек, жанында өрт шығу қаупі бар объектілер, автомашина тұрақтары, ағаш қоралар немесе гараждар 100 метр радиуста болуы тиіс.

- отшашу кезінде айналасында түскен жапырақтар мен қылқандар, қураған шөп болмауы қажет, өйткені бұлар кенет ұшқын түскен болса, өртенуі

мүмкін.

- өткір жел болған кезде желге қатысты қауіпті аймақтың көлемін 3-4 есеге ұлғайту қажет.

- Көрермендердің қайда болатын алдын ала ойластырыңыздар. Оларға жақсы көрінуін және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек, бұл үшін оларды жел соқпайтын жақтан отшашу алаңынан 35-50 метр қашықтықта оларға жел арқылы түтін мен бұйымдардың жанбаған бөліктері ұшпайтындай етіп орналастыру қажет.

Медбике Бердібай Р баяндама жасады. 2023-2024 оқу жылдарында біздің балабақшада балалармен қызметкерлер арасында денсаулық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде. Балалардың ата-аналарына тұмау кезіндегі профилактика жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан-жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жағдайлардың бірі.

Мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым-қатынасты меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құру баланың тек психологиялық жеке-дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыру қажет.

Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Балабақша жұмысына денсаулық сақтау технологияларын енгізу қажетті заман талабынан туындайды. Осыған орай жұмыстың объектісі – мектепке дейінгі жаста баланың денсаулығын қорғау болып саналады.

Жұмыстың мақсаты - мектепке дейінгі ұйымда баланың денсаулығын сақтаудың, салауатты өмір салтын ұйымдастыру мен бала денсаулығын шыңдаудың мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады.

Мектепке дейінгі балалардың қимыл-әрекеттерін жетілдіріп, оның ағзасын суыққа төзімді болуға жаттықтыру.

Балалар ауруларын төмендетуге мүмкіндіктер жасау үшін педагогтардың кәсіби-шеберліктерін өрлету және де ата-аналармен ынтымақтаса отырып, шынықтыруды кешенді ұйымдастыру

Баланың тұлғалық ерекшелігін ескере күш-қайраттарын қалыптастыру және денсаулығын шынықтыруды жүзеге асыру. Бұл міндеттерге, тек шынықтыру шараларының кешенді түрде өткізгенде ғана нәтижеге қол жеткізді, яғни балабақшадағы баланың болған бір күні - оның ағзасына пайдалы дәрумендерді енгізіп асмазірін түрлендіріп, оны балаға жеткізу,

қарапайым шынықтыру мен қатар арнайы жоспарланған шараларды, қимыл-әрекеті үйлесімді ұйымдастырылады.

Үшінші мәселе бойынша аспазшы Ошанова Б баяндама жасады; Біздің мекемеде тамақты ұйымдастырудың негізгі принциптері мыналар:

- * Тамақ мөлшерінің энергетикалық құндылықтары баланың энергетикалық шығындарына сәйкес келеді;
 - * Тамақ мөлшеріндегі барлық ауыстырылатын және ауыстыруға болмайтын азық түліктер теңдестірілген.
 - * Тамақ мөлшерінің теңдестірілуін қамтамасыз ететін азық-түліктер мен тамақтардың көптеген түрлері;
 - * Азық-түліктердің технологиялық және аспаздық дұрыс өңделуі, олардың тамақ құндылықтарының бастапқы қалпын сақтауға бағытталған, сондай-ақ тағам дәмінің жоғары сапасы.
 - * Үйлесімді тамақтану тәртібі, айналадағы жағдай балалардың тамақтаны мәдениетін дағдыландыруға себепші болады;
 - * Тамақтануға деген гигиеналық талаптарды сақтау (тамақтану қауіпсіздігі) Біздің балабақшада күніне 3 рет тамақтанады
- Балабақша балабақшасының

2023 жылы желтоқсан айындағы өткізілген өндірістік жиналыстың шешімі:

1. Ата- аналармен жаңа жылдық ертеңгілік кезіндегі қауіпсіздік шаралары жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізу
2. Балалармен ата-аналар, қызметкерлерге аурудың алдын-алу шаралары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
3. Балаларды тамақтандыруды ұйымдастыруды жақсарту

менгеруші:  Т.Жақыпбекова

хатшы:  К.Казиева



«Балғын» бөбекжай-бақша

№3 хаттама

«Балғын» бөбекжай-бақша өндірістік жиналысы 16 ақпан 2024 жыл

Қатысушылар:22

Меңгеруші -1

Әдіскер-1

Тәрбиешілер-5

Кіші қызметкерлер

Медбике-1

Тәрбиешінің көмекшісі -2

Аспазшы – 1

Күн тәртібінде:

1. Топтардағы санитарлық – эпидемиологиялық орындалысы
2. Балабақшаның материалды-техникалық жабдықтау қорытындысы
3. Қызметкерлердің кезекті еңбек демалысының кестесін бекіту

Бірінші мәселе бойынша медбике сөз алды : топтардағы санитарлық – эпидемиологиялық нормалар туралы топтардың тәрбиешілерімен көмекшілеріне нұсқаулықтар берілді және түсіндірілді. Бөлмелерді желдету, кварцтау кестелері ілінді. Қысқы от жағу мезгілінде бөлме температурасын қалыпты ұстау өз бақылауыма алдым. Тұмау мен суық тиюдің алдын алу шаралары жасалды.

Екінші мәселе бойынша балабақшаның шаруашылық меңгерушісі есеп берді.

Биылғы жаңа оқу жылына материалдық – техникалық жабдықтауға бөлінген қаржы толығымен игерілді.

Балалардың тамақтанатын ыдыстарын ауыстырылды, асхана техникалары жаңартылды, жаңа оқу құралдары сатып алынды. Балаларға жаңа төсектермен ойыншықтар, төсек жабдықтары алынды.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Т.Жақыпбекова Есеп берді: ҚР Еңбек кодексiнiң 92-бабына сәйкес жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы жұмыс орны (лауазымы) мен орташа жалақысы сақтала отырып, белгiлi бiр күнтiзбелiк күндер санына берiледi. Ережеге сәйкес бес күндiк, сондай-ақ алты күндiк жұмыс аптасында орташа айлық жалақыны есептеу белгiленген қосымша ақылар мен үстемеақылар, сыйақылар және еңбекақы төлеу жүйесiнде көзделген тұрақты сипаттағы басқа да ынталандыру төлемдерi ескерiле отырып, тиiстi кезеңдегi орташа күндiк жалақының есебiнен нақты жұмыс iстелген уақыт үшiн жүргiзiледi.

Сонымен Балғын балбақшасының қызметкерлерінің кезекті еңбек демалысы жоспары бекітілді, жұмыс істеген уақыты 11 айдан асқан жұмысшылардың барлығы өз кесте бойынша демалысқа шыға алады.

2023 жылғы ақпан айының өндірістік жиналысының шешімі:

1. Санитарлық- гигиеналық талаптарға сәйкес жоспарды орындау.
Балалардың денсаулығын нығайту шараларын қолға алу;
2. Мүліктер тізімін жасап, балалардың жаңа төсектерімен, жабдықтарына белгі жасау;
3. Белгіленген кесте бойынша қызметкерлерді кезекті еңбек демалысына жіберу;

меңгеруші:  Т.Жақыпбекова

хатшы:  К.Казиева



«Балғын» бөбекжай-бақша МКҚК

№4 хаттама

«Балғын» бөбекжай-бақша өндірістік жиналысы 31 мамыр 2024 жыл

Қатысушылар:22

Меңгеруші -1

Әдіскер-1

Тәрбиешілер-5

Кіші қызметкерлер

Медбике-1

Тәрбиешінің көмекшісі -2

Шарушылық меңгерушісі – 1

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы
2. 2024 жыл, жазғы жұмыстар
3. Жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздік шаралары

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері К.Казиева есеп берді: Осы оқу жылында жоспарға сәйкес барлық іс шаралар өткізілді. Тәрбиешілер әртүрлі семинарларға қатысып өз біліктіліктерін көтеру үшін жан-жақты ізденісте. Топтардағы бала саны біршама толықты. Жалпы жылдық жоспарды түгелімен орындадық деуге болады. Балабақша түлектерімен қоштасу кешін өткізіп, мектепке шығарып салдық. Ендігі міндет сол кеткен балалардың орнын толтыру.

Жазғы сауықтыру шараларының жоспары жасалды. Ең алдымен ата-аналарға жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары ескертіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Балалардың денсаулығын нығайту үшін су процедуралары, құммен ойнау, түрлі спорттық шаралар өткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар «1- маусым балаларды қорғау» күніне орай денсаулық күнін өткізбекшіміз.

Үшінші мәселе: Жазғы демалыс кезінде балалар қауіпсіздігі туралы ата-аналар үшін жадынама берілді. Балалардың демалып және сау болуы үшін, ата-аналармен, туысқандарымен, достарымен демалысты ұйымдастыру кезінде бірқатар ережелер мен талаптарды есте сақтау керек. Балалар бойына жеке қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастырыңыздар; балалармен жеке әңгіме жүргізіңіздер; маңызды ережелерді түсіндіріңіздер; оларды ұстану өмірлерін сақтауы мүмкін; баланың бос уақыты мәселесін шешіңіз. Есте сақтаңыз!

1. Өз балаңыздың қайда, кіммен жүргені туралы үнемі біліп отырыңыз, барған орнын бақылаңыз; бөгде адамдармен сөйлесуге тыйым салыңыз. Балаңызға егер біреу оған қиянат жасағысы келсе, әрқашан кімге болса да «жоқ» деп айтуға толық құқығы бар екенін түсіндіріңіз; қандай жағдай

болмасын танымайтын адамдардың көлігіне отыруға болмайтынын түсіндіріңіз;

2. Судағы жүзу мен ойындар рақаттанғаннан басқа баланың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызады. Балаңыз суда болған уақытта одан көз алмаңыз, басқа нәрсеге алданбаңыз- сол сәттегі минут қайғылы жағдайға ұшыратуы мүмкін, балаларға жалғыз суда шомылуға, сонымен қоса білмейтін жерде сүңгуге болмайтынын міндетті түрде түсіндіріңіз, балаларға қарап отырған ересек адамның өзі де жүзуді, алғашық көмек көрсетуді білуі тиіс, қолдан дем алдыру мен тікелей емес жүрек уқалауын жасауды жүргізуді білуі тиіс.

3. Жол-көлік уақиғасының құрбаны немесе себепші болмауы үшін, балаларға жол жүру ережелерін үйрету қажет, жолда және қоғамдық көлікте мұқият болуды үйретіңіз; балалармен ойын және спорт алаңында, жорыққа шыққанда абайлаңыз және қауіпсіздік талаптарын сақтаңыз;

4. Отпен мұқият болыңыздар. Отпен мұқият болмағандықтан өрт жағдайларының кең тараған уақиғаларына балалардың назарын аударыңыз; баланың отпен сотқарлығы; сөндірілмеген көмірлер; сөндірілмеген темекі қалдықтары, сіріңкелер; саяжай мен орман жиегіндегі жер иелерінің қоқысты жағулары; шөптерді өртеу; қысқа мерзімге тұйықталу; электротехникалық құрылғыларды, тұрмыстық құралдарды, пештерді пайдалану.

5. Балалар табиғаттан бейқам және сенгіш екенін есте сақтаңыз. Балаларда алаңғасарлық болатына назар аударыңыз. Сондықтан, өзін ұстаудың оңай ережелерін балалардың есіне жиі салуыңыз, олардың есте сақтап және оны қолдануына мүмкіндік береді. Сіз оны үнемі естеріне салып отыруға міндеттісіз.

2023 жылғы мамыр айындағы өндірістік жиналысының шешімі:

1. Жылдық жоспарды орындауды жақсарту, әр түрлі байқауларға қатысу;
2. Сауықтыру шаралары кезінде балалардың денсаулығына мұқият қарау;
3. Ата-аналармен балалардың қауіпсіздігі туралы жиі хабарласып, ескертіп тұру.

менгеруші:  Т. Жақыпбекова

хатшы:  К. Казиева

